

Аудан әкімдігінің 2009 жылғы 11 наурыздағы № 38 "2009 жылы Науырзым ауданында жұмыссыздарға арналған қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемін, кәсіпорынды бекіту туралы" қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 10 сәуірдегі № 53 қаулысы. Қостанай облысы Науырзым ауданының Әділет басқармасында 2009 жылы 27 сәуірде № 9-16-91 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7, 20-баптарына, 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңның 31-бабы 1-тармағының 13), 14) тармақшаларына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 "Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы", мемлекеттік тіркеу тізіліміндегі нөмірі 9243, қаулысына сәйкес Науырзым ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудан әкімдігінің 2009 жылғы 11 наурыздағы № 38 "2009 жылы Науырзым ауданында жұмыссыздарға арналған қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемін, кәсіпорынды бекіту туралы" (нормативтік құқық актілердің мемлекеттік тіркеу тізіліміндегі нөмірі 9-16-90, № 2 "Науырзым тынысы" аудандық газетінде 2009 жылғы 20 наурызда жарияланды) қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасына осы қаулының қосымшасына сәйкес
т о л ы қ т ы р у л а р е н г і з і л с і н .

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен
с о ң қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Х.С. Қуатқановқа жүктелсін.

Аудан әкімі

Т. Ташмағамбетов

Науырзым ауданы әкімдігінің
2009 жылғы 10 сәуірдегі
№ 53 қаулысымен бекітілген
**2009 жылы Науырзым ауданында жұмыссыздарға
арналған қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемі,
қоғамдық жұмыстарды жүргізетін кәсіпорын**

РҚАО ЕСКЕРТУ. Кестені қағаз мәтінінен қараныз.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК